

Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1996 жылғы 26 маусымдағы N 797

Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық қаржы талаптарын реттеу жөніндегі шаралар жүйесін практикалық жүзеге асыру және үйлестіру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы қосымшаға сәйкес құрылсын.
2. Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы туралы ұсынылған Ереже бекітілсін.
3. Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволары

бір ай мерзім ішінде ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияға төлем тәртібі мен есеп айырысу жүйесін нығайту жөніндегі шаралар туралы ұсыныстарын берсін.

4. ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия Қазақстан Республикасының Үкіметінің шешімін талап ететін мәселелер жөніндегі құжаттарды әзірлеп, енгізісін.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 маусымдағы
N 797 қаулысына
қосымша

Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссияның
ҚҰРАМЫ

Абдоллин Қ.А. - Қазақстан Республикасының Тәуелсіз
Мемлекеттер Достастығы елдерімен
ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік

комитетінің төрағасы, комиссия
төрағасы

Бегяхметов Т.Қ. - Үкімет Аппараты Басшысының орынбасары,
комиссия төрағасының орынбасары

Мұқашев Ж.Ж. - Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің
бірінші орынбасары, комиссия төрағасының
орынбасары

Шоқпытов А.М. - Қазақстан Республикасы Мемлекеттік
мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік
комитеті төрағасының бірінші
орынбасары

Тиесов С.А. - Қазақстан Республикасы Энергетика және
көмір өнеркәсібі министрінің бірінші
орынбасары

Романов А.Ф. - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы
министрінің орынбасары

Кинасов О.Г. - Қазақстан Республикасы Мұнай және газ
өнеркәсібі министрінің орынбасары

Дамитов Қ.Қ. - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі
төрағасының орынбасары /келісім бойынша/

Оспанов Х.А. - Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және
сауда министрінің орынбасары

Ваисов М.К. - Қазақстан Республикасы Әділет
министрінің орынбасары

Оразбақов Ғ.І. - Қазақстан Республикасы Көлік және
коммуникациялар министрінің орынбасары

Жәрменов Б.Б. - Қазақстан Республикасы Экономика
министрлігінің аумақтық саясат
бас басқармасының бастығы

Исқанова А.К. - Қазақстан Республикасы Ынтымақтастық
жөніндегі мемлекеттік комитеттің
экономикалық проблемалар басқармасының
бастығы, жауапты хатшы

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
1996 жылғы 26 маусымдағы
N 797 қаулысымен
бекітілген

Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық
берешектерді реттеу жөніндегі ведомствоаралық комиссия туралы
ЕРЕЖЕ

1. Жалпы ережелер

Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық берешектерді ретке келтіру жөніндегі ведомствоаралық комиссиясы /бұдан былай - Ведомствоаралық комиссия/ ТМД мемлекеттерімен қаржылық талаптарды реттеуде мемлекет саясатын іс жүзінде жүзеге асыру жөніндегі негізгі ережелерді әзірлеу және шешімдер қабылдау үшін Қазақстан Республикасының министрліктері мен ведомстволарының, Ұлттық Банкінің өкілдерінен құрылған бірлескен орган болып табылады. Ведомствоаралық комиссияның құрамын Қазақстан Республикасының Үкіметі бекітеді.

Ведомствоаралық комиссияны төраға басқарады. Комиссия құрамына сондай-ақ төрағаның орынбасары, комиссия мүшелері және хатшы кіреді.

Ведомствоаралық комиссияның құзыретіне Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен мемлекетаралық (үкіметаралық) келісімдерді орындау жөнінде қаржылық талаптарды реттеуге байланысты мәселелерді қарау кіреді.

Ведомствоаралық комиссия өз қызметінде Қазақстан Республикасының Конституциясын және заңдарын, Қазақстан Республикасы Президенті мен Үкіметінің жарлықтарын, қаулыларын, өкімдерін, Қазақстан Республикасы қол қойған және бекіткен халықаралық келісімдерді басшылыққа алады.

Ведомствоаралық комиссияның мәжілісіне материалдарды, жұмыс мәжілісінің күнделікті регламенті мен кестесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен

, Экономика министрлігімен, Ұлттық Банкімен және Қазақстан Республикасының басқа да министрліктерімен ведомстволарымен бірлесе отырып Қазақстан Республикасының ТМД елдерімен ынтымақтастық жөніндегі мемлекеттік комитеті әзірлейді және комиссия төрағасымен келісілгеннен кейін комиссияның әрбір мүшесіне таратылады.

Ведомствоаралық комиссияның шешімі комиссия мүшелерінің жай көпшілік даусымен қабылданады және дауыстар тең болған жағдайда төрағаның даусы шешуші мәнге ие болады. Ведомствоаралық комиссияның шешімі оның мәжілісі хаттамасымен ресімделеді және төраға мен хатшы

қол қояды.

Ведомствоаралық комиссияның шешімдерін Қазақстан Республикасының министрліктері, ведомстволары және шаруашылық жүргізуші субъектілері міндетті түрде орындайды.

Ведомствоаралық комиссия өз жұмысы туралы Қазақстан Республикасының Үкіметі алдында есеп береді.

II. Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері мен функциялары

Ведомствоаралық комиссияның негізгі міндеттері мыналар болып табылады:

ТМД мемлекеттерімен мемлекетаралық (үкіметаралық) Келісімдерді орындау шеңберінде төлем-қаржылық қатынастарды талдау;

ТМД мемлекеттерімен қаржылық талаптарды реттеу тетігі жөнінде ұсыныстар әзірлеу;

мемлекетаралық келісімдерге қатысушы-шаруашылық жүргізуші субъектілердің мемлекеттік қарыздары мен міндеттемелерін өтеу процестерін бақылау және талдау;

Ведомствоаралық комиссия өзін жүктелген міндеттерге сәйкес:

Қазақстан Республикасы Үкіметінің тапсырмасын ТМД елдерімен өзара есептесу мәселелерін шешкен кезде мемлекеттің мүддесін білдіреді;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне ТМД елдерімен мемлекетаралық өзара есеп айырысу саласындағы мемлекеттік саясаттың негізгі ережелері жөнінде ұсыныс енгізеді;

ТМД елдерімен өзара есеп айырысу мәселелері жөнінде министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдардың, атқарушы-өкіметтің жергілікті органдарының өзара

іс-қимыл қызметін үйлестіруді жүзеге асырады;

Ведомствоаралық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде қажетті нормативтік және нұсқамалық құжаттардың жобасын әзірлейді;

мемлекетаралық қаржылық талаптарды реттеу бойынша іс-жүзіндегі шараларды жүзеге асыру жөніндегі шешімдер жобасын Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізеді;

Қазақстан Республикасы Үкіметінің мемлекетаралық қаржылық талаптарды реттеу жөніндегі шешімдерін жүзеге асыру мәселелерінде жедел шаралар қолданады;

мемлекеттік қарыздардың өтелуіне бақылауды қамтамасыз етеді, қажет болған жағдайда Мемлекетаралық келісімге қатысушы шаруашылық жүргізуші субъектілер арасында өзара берешектеріне тексеру жүргізуді ұйымдастырады;

мүдделі министрліктер мен ведомстволардың, атқарушы өкіметтің жергілікті органдарының, шаруашылық жүргізуші субъектілердің Ведомствоаралық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелер жөнінде ұсыныстарын қарайды;

өз мәжілістерінде министрліктердің, ведомстволардың, ұйымдардың ТМД мемлекеттерімен қаржылық талаптарды реттеу жөніндегі проблемалары мен жұмыс нәтижелері туралы есептерін тыңдайды.

III. Ведомствоаралық комиссияның құқығы

Ведомствоаралық комиссия өз құзыретіне кіретін мәселелерді шешу кезінде:

министрліктерден, ведомстволардан, атқарушы өкіметтің жергілікті органдарынан, қаржы және салық органдарынан, кәсіпорындар мен ұйымдардан өзіне жүктелген міндеттерді орындау үшін қажетті құжаттарды белгіленген тәртіппен сұратуға және алуға;

министрліктер мен ведомстволардан, мемлекеттік кәсіпорындар мен ұйымдардан жекелеген проблемалар мен мәселелерді пысықтау үшін мамандар тартуға, қажет болған жағдайда жұмыс тобын құруға;

ТМД елдерімен ынтымақтастық мемлекетаралық (үкіметаралық) Келісімді жүзеге асыруға қатысу үшін теңдерлік негіздегі тәртіппен, меншік нысанына қарамастан шаруашылық жүргізуші субъектілерді айқындауға;

Қазақстан Республикасының Үкіметіне Қазақстан Республикасының заңдық және нормативтік базасын жетілдіру жөнінде Ведомствоаралық комиссияның құзыретіне кіретін мәселелерді шешу жөнінде ұсыныс енгізуге құқылы.